

**Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы
білім алушылардың және мүмкіндігі шектеулі балалардың қатысуымен
Флора және фауна күніне арналға «Халықаралық биологиялық
алуантүрлілік» тақырыбында сырттай экологиялық байқауды өткізу
ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында Флора және фауна күніне арналған «Халықаралық биологиялық алуантүрлілік» тақырыбында сырттай байқау (бұдан әрі – Байқау) өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – білім алушыларды табиғатты қорғау міндеттерін щещу тәжірибесіне қатыстыру мен қоршаған ортаның экологиялық жағдайы мәселелерін насихаттау бойынша тарту, оқушылардың экологиялық тәрбиесіне және олардың өзін-өзі кәсіби тұрғыда анықтауға жағдау жасау мақсатында

Міндеттері:

- білім алушылар арасындағы экологиялық білімді белсенді насихаттау;
- туған өлке табиғатына және оны қорғау мәселелеріне танымдық қызығушылығын дамыту;
- туған өлкенің табиғатын қайта келтіру және сауықтыру, сақтауға тарту арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу;

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2014 жылғы 15 шілде – 1 қараша** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.kz ғылыми-танымдық сайтта қашықтықтан өткізіледі.

6. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың тақырыбына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Байқау жұмыстары 2014 жылғы 1 қарашаға дейін nt_ekotur@mail.ru электрондық поштаға жіберіледі, сондай-ақ, мына мекен-жай бойынша қабылданады: 010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Анықтама үшін: тел/факс 8(7172) 51-69-23.

8. 2014 жылғы 1 қарашадан кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды және оған рецензиялар, қазылар алқасының қорытындысы берілмейді.

10. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастыру комитеті жауапты емес.

11. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

12. Байқауға қатысу үшін **500 (бесжүз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы былай жүргізіледі: БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ91856000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының аталуы: «Халықаралық биологиялық алуантүрлілік» тақырыбындағы байқауға қатысу үшін төлемақы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы түбіртегін сканерден өткізіп nt_ekotur@mail.ru электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

Төлемақы барлық қатысушыларға онлайн-сертификаттар, жеңімпаздарға дипломдар алуға жұмсалады.

13. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау 2014 жылғы 20 қарашада жүргізіледі.

3. Байқауға қатысушылар және оларға қойылатын талаптар

14. Байқауға 8-17 жастағы білім алушылар жас санаттары бойынша қатыса алады:

кіші жастағы санат: 8-11 жас;

орта жастағы санат: 12-14 жас;

жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

15. Байқау номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «ЭКСПО-2017: болашақ энергиясы» аясында «Биологиялық алуантүрлілік» тақырыбында кроссворд байқауы;

2) «Жанды дәріхана» зерттеу жұмыстары

3) «Қазақстан биоалуантүрлілігі» видеоклип байқауы;

4) «ЭКСПО-2017 балалар көзімен» тақырыбы аясында «Жасыл экономика» компьютерлік презентация байқауы.

16. Байқауға оның мақсаты мен міндеттеріне жауап беретін бір немесе екі номинация бойынша жұмыстар қабылданады, бірақ әр номинациядан бір жұмыс болуы керек.

17. Келесі талаптарға сәйкес байқау жұмыстары қабылданады:

«ЭКСПО-2017: болашақ энергиясы» аясында «Биологиялық алуантүрлілік» тақырыбында кроссворд байқауы номинациясында байқау

жұмыстары кроссворд ережесі бойынша жасалады. Сұрақ құрастырған кезде тақырыпқа байланысты суреттерді пайдалануға болады. Байқауға баспа түрінде көлемі 20 сөзден аспайтын бір кроссворд қабылданады. Байқау жұмысында:

- толтырылмаған кроссворд (сұрақтар);
- толтырылған кроссворд (жауаптары). Міндетті түрде жұмыстың атауы, автордың аты жөні, жасы, білім беру ұйымы, e-mail, облысы көрсетілуі тиіс.

«Жанды дәріхана» зерттеу жұмыстары номинациясында міндетті түрде:

- емдік өсімдіктер өсетін аймақты зерттеу (орман, шалғын, саяжай аймағы);

- емдік өсімдіктерді жинау және баптау;

- өсімдіктің қандай бөлігін қолдануға болатынын жазу;

- емдік шөптердің көмегімен ауруларды емдеуді жазу.

- үйде немесе аймақта өсетін емдік өсімдіктерді суреттеу (каланхоэ, алоэ, жасаңшөп, традесканция, бриофиллум, қырмызы, жалбыз және т.б.). номинациясы бойынша шығармашылық жұмыс баспа түрде ұсынылады, стандартты жиектерімен А-4 форматы, қарпі 12 Times New Roman, жолдар арасындағы қашықтық 1,0. Жұмыстың көлемі көп дегенде 15 парақ. Жұмыстың аталуы, автордың тегі, аты, жасы, білім беру ұйымы, e-mail, облысы көрсетілуі қажет.

«Қазақстанның биоалуантүрлілігі» номинациясы бойынша жұмыстар анимациялық, ойын түріндегі қойылым видео ретінде орындалып және телефон немесе видеобақырау камерасымен түсіріліп, кез келген видеоредакторда өңделуі тиіс. MPEG1, MPEG2, WMV, AVI форматта қабылданады. Байқау жұмысының ұзақтығы - 5 минутқа дейін. Видеосюжеттің басында жұмыстың атауы, автордың аты жөні, жасы, білім беру ұйымы, e-mail, облысы көрсетілуі тиіс.

«ЭКСПО-2017 балалар көзімен» тақырыбы аясында «Жасыл экономика» компьютерлік презентация номинациясы бойынша. Табиғат ресурстарына ұқыпты қарау және энергияны үнемдеу мәселелерін шешуге бағытталған, әлеуметтік- маңызды жобалар байқауы. Байқауға жергілікті жерлер үшін энергияны алу, үй мен мектепте энергияны тиімді қолдану бойынша тәжірибелік ұсыныстары бар жобалар қатысады. Жоба осы көрсетілген тиімділіктен алынған энерготиімділік бойынша іс шараларды сипаттауы тиіс. Байқау жұмыстары Microsoft Office Power Point (кез келген нұсқада) форматта орындалып, 15 слайдтан аспай, фотографиялар, суреттер, кестелер, сызбалары болуы тиіс. Слайдтар мәтінмен, графикамен, анимациямен, дыбыстық қолдаумен сүйемелденуі мүмкін, гиперсілтемелер жасауға болады. Презентацияның бірінші слайдында жұмыстың аталуы, автордың тегі, аты, жасы, білім беру ұйымы, e-mail, облысы көрсетілуі қажет.

18. Жалпы талаптар:

балаларға арналған www.ziyatker.kz ғылыми-танымдық сайтта тіркелу қажет;

бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады.

19. Байқауды бағалау критерийлері:

байқаудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы;

экологиялық тақырыпты көрсету;

материалдардың жаңашылдығы ;

ойдың бірегейлігі, ғылыми құндылығы, ресімделуі;

жұмыстың орындалу техникасы.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

20. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

21. Байқау жеңімпаздары тиісті дәрежелі дипломдармен марапатталады. Әр номинация бойынша 3 жеңімпаз (1, 2, 3 орындар) анықталады. Қатысушылардың барлығына электрондық пошта арқылы онлайн-сертификаттар жіберіледі.